

Батыс Қазақстан облысы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 51 шешімі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2012 жылғы 9 тамыздағы № 25 "Облыстық бюджеттерге асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану бойынша нысандарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3090 тіркелген, 2012 жылғы 20 қыркүйектегі "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімі шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. 2012 жылғы 9 тамыздағы № 26 "Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалануы бойынша құжаттарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3086 тіркелген, 2012 жылғы 11 қыркүйектегі "Орал өңірі" және " Приуралье" жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімі шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

*Облыс әкімінің
міндетін атқарушы*

А. Өтеғұлов